

БЕКІТЕМІН



«Академик Е.А. Бокетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректоры
проф. Н.О. Дулатбеков
2023 ж.

Бакалавриат білім алушыларын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу регламенті

(28.12.2023ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №7 хаттамасы)

1. Осы регламенттің нормативтік негізі

1.1 Осы регламент бакалавриат білім алушыларын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды және барлық факультеттер мен Академиялық жұмыс департаментіне қолданылады.

1.2 Бакалавриат білім алушыларын қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында және тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында белгіленген нысандар бойынша жүргізіледі.

1.3 Қорытынды аттестаттауды өткізудің ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарларында көзделген.

1.4 Шектеу шаралары кезеңінде, оның ішінде коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі ҚБТ қолдана отырып қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес айқындалады.

2. Қорытынды аттестаттау форматы

2.1 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны жазуды және қорғауды немесе бейіндік пәндер бойынша кешенді емтихан тапсыруды қамтиды. (28.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).

2.2 Білім беру бағдарламасының кешенді емтиханы кешенді тестілеу түрінде жүзеге асырылады. Кешенді емтиханға енгізілген негізгі пәндердің тізімі білім беру бағдарламасының талаптары мен бітіртін шығарушы кафедра меңгерушісінің ұсынысы негізінде Факультет кеңесінің шешімімен бекітіледі. (28.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).

2.3 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры бекіткен кестеге сәйкес қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір аптадан кешіктірілмей өткізіледі.

3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу шарттары

3.1 Қорытынды аттестаттауға Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

3.2 Білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарларының талаптарын орындамаған бітіруші курс білім алушылары жазғы семестрден өтпей қайта оқу курсына қалдырылады.

3.3 Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей факультет деканының өкімімен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), білім беру бағдарламалары көрсетілген тізімдік құрам түрінде ресімделеді.

3.4 Кешенді емтихан тапсыру үшін бітіртіп шығарушы курстың білім алушылары 31 тамыздан кешіктірмей университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының атына өтініш жазып, тиісті растайтын құжатты тапсырады. *(28.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).*

Қорғауға жіберуге рұқсат алу мақсатында студент қорытынды аттестаттауға бір жарым ай қалғанда бітіртіп шығарушы кафедраға дипломдық жұмысты (жобаны) ұсынады. Дипломдық жұмыс (жоба) келесідей алдын ала сараптамадан өтеді:

1) «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде плагиаттың болуы тұрғысынан оқу, ғылыми, дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды тексеру тәртібі туралы регламентке» сәйкес антиплагиатқа тексеру. Егер мәтіннің бірегейлігі белгіленген нормативтен төмен болса, дипломдық жұмыс (жоба) қорғауға жіберілмейді; аталған дерек кафедра отырысында талқыланады, шешім хаттамамен ресімделеді.

2) Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде білім алушының бітіру жұмысын дайындау регламентіне сәйкес жұмысты техникалық ресімдеуге қойылатын талаптардың сақталуын тексеру (нормалық бақылау). Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда дипломдық жұмыс (жоба) студентке 3 оқу күні ішінде пысықтау үшін қайтарылады.

3) қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын кафедраның ашық отырысы шеңберінде студенттің, ғылыми жетекшінің міндетті қатысуымен өтетін алдын ала қорғау; алдын ала қорғау нәтижелері хаттамаланады;

4) 1-нысан бойынша дипломдық жұмысқа (жобаға) пікір жазатын және «қорғауға жіберіледі немесе жіберілмейді» деген қорытынды беретін ғылыми жетекшінің бағасы; пікір кафедра меңгерушісіне ұсынылады; теріс пікір болған жағдайда ғылыми жетекші дипломдық жұмысқа (жобаға) қол қоймайды және кафедра меңгерушісіне қорғауға жіберілмеуінің жазбаша негіздемесін жолдайды;

5) кафедра меңгерушісінің дипломдық жұмысты/жобаны қорғауға жіберу туралы шешім қабылдауы; шешім жұмыстың/жобаның титулдық бетінде

«қорғауға жіберу немесе жібермеу» жазбасы, күні мен қолы түрінде көрсетіледі. Кафедра меңгерушісінің теріс шешімі міндетті түрде студент пен ғылыми жетекшінің қатысуымен кафедраның арнайы отырысында қаралып, кафедра шешімі хаттамалануы тиіс;

б) қорғауға жіберу рұқсаты болған жағдайда дипломдық жұмысты/жобаны рецензиялауға жіберу.

3.5 Білім алушы ғылыми жетекшінің оң пікірі және қорғалатын жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес келетін маманның бір рецензиясы болған жағдайда дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды.

3.6 Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген тұжырыммен теріс қорытынды берсе, білім алушы дипломдық жұмысты қорғауға жіберілмейді.

3.7 Егер рецензент теріс қорытынды берген жағдайда, білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) жалпы негізде қорғауға жіберіледі.

3.8 Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей деканат аттестаттау комиссиясына білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы кестені, өкімді; бүкіл оқу кезеңі ішіндегі үлгерімнің орташа балың (GPA) есептей отырып, білім алушылардың транскриптің ұсынады.

Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей аттестаттау комиссиясына:

1) дипломдық жұмыс (жоба);

2) дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісінің пікірі;

3) дипломдық жұмысқа(жобаға) рецензия,

4) қорғауға жіберу туралы шешімі бар бітіртіп шығарушы кафедраның отырыс хаттамасынан үзінді көшірме;

5) дипломдық жұмыстың (жобаның) плагиат мәніне тексеруден өткені туралы еркін нысандағы анықтама ұсынылады. Берілген анықтаманың дұрыстығына бітіртіп шығарушы кафедра меңгерушісі мен ғылыми жетекші жауапты болады.

4. Аттестаттау комиссиясы

4.1 Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады.

4.2 Аттестаттау комиссиясының құзыретіне:

– бітіруші мамандардың теориялық және практикалық даярлығының білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарына сәйкестік деңгейін тексеру;

– тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші түлекке бакалавр дәрежесін беру;

– мамандар даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

4.3 Аттестаттау комиссиясының құрамы бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан қалыптастырылады. Аттестаттау комиссиясының төрағасы Бокетов университетінің қызметкері болмауы керек. Аттестаттау комиссиясының жұмысына корпоративтік қоғамдастықтың өкілдері, кемінде 5 жыл практикалық өтілі бар жұмыс берушілер тартылуы мүмкін. Аттестаттау комиссиясының құрамы төрағасымен бірге 4-адамнан кем болмауы керек. (28.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).

4.4 Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамы ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірмей Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі және ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде әрекет етеді.

4.5 Аттестаттау комиссиясының отырысы кестеге сәйкес өткізіледі және аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін бір аптадан кешіктірілмей көпшіліктің назарына жеткізіледі.

5. Рецензенттер

5.1 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) рецензенттері жұмыс орны мен атқаратын лауазымы көрсетіле отырып, бітіртiп шығарушы кафедра меңгерушiсiнiң ұсынысы бойынша жалпы тiзiммен университеттiң Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

5.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялауды біліктілігі қорғалатын дипломдық жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес келетін басқа ұйымдардың мамандары тарапынан жүзеге асырылады.

5.3 Рецензент 2-нысан бойынша дипломдық жұмыс (жоба) мазмұнының сапасына баға береді.

6. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі

6.1 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау аттестаттау комиссиясы құрамының кемінде 50%-ы қатысқан ашық отырысында жария түрде өткізіледі.

6.2 Қорғау орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде, жекелеген жағдайларда басқа шет тілдерінде өткізілуі мүмкін.

6.3 Бір дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау ұзақтығы бір студентке 30 минуттан аспауы тиіс.

6.4 Студентке баяндама жасау үшін 15 минуттан артық уақыт берілмейді. Баяндаманы ғылыми жетекші алдын-ала тексеріп, жұмыстың өзектілігі мен негізгі қорытындыларына шолу жасауы керек. Баяндама жасау көрнекі материалдармен немесе слайдтармен қатар жүргізілуі мүмкін. Баяндама аяқталғаннан кейін студент аттестаттау комиссиясы мүшелерінің және/немесе қатысушылардың сұрақтарына жауап беруі тиіс.

6.5 Аттестаттау комиссиясының хатшысы ғылыми жетекшінің пікірін және сыртқы сарапшының пікірін оқиды. Егер ғылыми жетекші болса, онда

ол жеке өзі сөйлейді. Пікір мен рецензиядағы барлық ескертулерге студент олардың мәні бойынша дәйекті түсініктемелер беруі немесе көрсетілген ескертулермен келісуі керек.

6.6 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша студенттің теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейі, ғылыми жетекшінің пікірі және сыртқы сарапшының бағалауы негізінде балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қойылады.

6.7 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасымен әрбір студентке жеке ресімделеді және сол күні отырыстың соңында жарияланады.

7. Білім алушылардың нәтижелерін бағалау, апелляция және қайта тапсыру

7.1 Кешенді емтихан тапсыру немесе дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша бағалар білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейін ескере отырып, бағалау критерийлеріне сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша қойылады, сонымен қатар жетекші мен рецензенттің пікірлері. Қорытынды бағалауды бағалау критерийлері жоғары білімнің бірінші деңгейі (бакалавр) үшін Дублин дескрипторларына сәйкес болуы керек. (28.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).

7.2 Емтихандарды А, А- «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы» бағаларымен тапсырған және барлық оқу кезеңіндегі үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ «Қазақстан—тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды, кешенді емтиханды немесе дипломдық жұмысты (жобаны) А, А- «өте жақсы» бағаларымен тапсырып, қорғаған білім алушыға үздік диплом беріледі (әскери даярлық бойынша бағаларды есепке алмағанда) (30.11.2022ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).

7.3 Бүкіл оқу кезеңі ішінде қайта тапсырған, оның ішінде FX-тен оң бағаға немесе емтиханды қайта тапсырған білім алушы осы Қағидалардың 7.2-тармағының талаптарына сәйкестігіне қарамастан үздік диплом алмайды.

7.4 Кешенді емтихандарды тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

7.5 Қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспеген білім алушы қорытынды аттестаттау күні апелляциялық шағым береді. Өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына беріледі. (28.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).

7.6 Апелляцияны өткізу үшін университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен тиісті білімі бар және аттестаттау комиссиясының құрамына кірмейтін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады. (28.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).

7.7 Апелляция өткізудің мүмкін себептері:

а) тест тапсырмаларын дұрыс тұжырымдамау;

- b) дұрыс жауаптың болмауы;
- c) пәннің жұмыс бағдарламаларында сұрақ тақырыбының болмауы;
- d) техникалық өңдеу параметрлерінің ақауы;
- e) сұрақтың немесе тапсырма мазмұнының дұрыс болмауы;
- f) емтихан алушының Әдеп нормалары кодексін бұзуы.

7.8 Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін аттестаттау комиссиясына денсаулық жағдайы туралы ұсынылған құжаттар қаралмайды.

7.9 Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келе алмаған (аттестаттау комиссиясының жұмысы кезеңінде) білім алушы аттестаттау комиссиясы төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады, дәлелді себебін растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсаты бойынша емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты (жобаны) аттестаттау комиссиясы отырысының басқа күні қорғайды.

7.10 Бағасын көтеру мақсатында мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға немесе дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғауға жол берілмейді *(23.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді)*.

7.11 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға қорытынды аттестаттаудың сол кезеңінде мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыруға, сондай-ақ дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғауға рұқсат етілмейді.

7.12 Қанағаттанарлықсыз баға алған немесе қорытынды аттестаттауға келмеген адамның келесі академиялық кезеңде оны қайта өту мүмкіндігі бар. Адамды қайта аттестаттауға жіберу оның жеке өтініші және Басқарма төрағасы-университет ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Өтініш ағымдағы Академиялық күнтізбеге сәйкес қорытынды аттестаттаудан бір ай бұрын кешіктірілмей берілуі тиіс. Қайта аттестаттау адам қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана жүргізіледі. Қорытынды аттестаттау пәндерінің тізбесі адам теориялық курсты бітірген жылы қолданыста болған оқу жоспарымен айқындалады. Қайта аттестаттаудан өту күні ағымдағы оқу жылының Академиялық күнтізбесі шеңберінде белгіленеді.

8. Аттестаттау комиссиясының шешімдері

8.1 Кешенді емтихандарды бағалау, дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау туралы, сондай-ақ дәреже немесе біліктілік беру және диплом беру (үздік емес, үздік) туралы шешімді аттестаттау комиссиясы жабық отырыста отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

8.2 Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары білімнің тиісті білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесі беріледі және қосымшасымен (транскрипт) жоғары

білім туралы дипломның жеке үлгісі және (немесе) жалпыеуропалық дипломға қосымшаны (Diploma Supplement) тегін беріледі.

8.3 Білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған білім алушы білім алуды аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтама беріле отырып, өз оқуын аяқтамаған тұлға ретінде Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен жоғары оқу орнынан оқудан шығарылады.

9. Аттестаттау комиссиясының жұмысы мен шешімдерін хаттамалау

9.1 Аттестаттау комиссиясының отырыстары хаттамамен ресімделеді, ол әрбір түлек үшін өз алдына жеке жүргізіледі. Хаттаманы комиссия құрамында бекітілген және дауыс беру құқығы жоқ аттестаттау комиссиясының хатшысы толтырады.

9.2 Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес университет архивінде сақталады.

9.3 Аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы білім алушыларды қорытынды аттестаттау туралы есеп жазады, ол Факультет кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

10. Бітіртiп шығару және жариялау туралы бұйрық шығару

10.1 Қорытынды аттестаттау нәтижелері негiзiнде «бакалавр» дәрежесiн немесе тиiстi бiлiм беру бағдарламасы бойынша бiлiктiлiк бере отырып, жоғары бiлiмнiң тиiстi бiлiм беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәттi өткен бiлiм алушыларды бiтiртiп шығару туралы университеттiң Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығы шығарылады.

10.2 Жоғары бiлiмнiң бiлiм беру бағдарламаларын бiтiрген университет түлектерiнiң тiзiмi тегi, аты, әкесiнiң аты (бар болса) және университеттiң Басқарма Төрағасы-Ректорының қол қоюымен берiлген дипломдардың нөмiрлерi көрсетiле отырып, бiтiрту туралы тиiстi бұйрық шыққаннан кейiн бiр ай мерзiмде ҚР Бiлiм және ғылым министрлiгiне ұсынылады, сондай-ақ университет сайтында орналастырылады.

10.3 Осы регламентке өзгерiстер енгiзу университеттiң академиялық еркiндiк шекарасындағы рәсiмдердi жетiлдiру мақсатында Басқарма мүшесi-академиялық мәселелер жөнiндегi проректормен келiсiлгеннен кейiн немесе бiлiм алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруға ҚР БҒМ жаңа талаптары енгiзiлуiне байланысты Академиялық жұмыс департаментiнiң бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Өзгертiлген регламенттi университеттiң Басқарма Төрағасы-Ректоры бекiтедi.

Ғылыми жетекшінің дипломдық жұмысқа (жобаға) беретін пікірінің құрылымы

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Атауы факультеті
Шифр-атауы білім беру бағдарламасының __ курс студенті ТАӘ
«Толық атауы» атты дипломдық жұмысына (жобасына)

пікір

1. Тақырыпты таңдау негіздемесі
2. Таңдалған жұмыс құрылымының негіздемесі
3. Қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігін бағалау
4. Студенттің жасаған жұмысын, оның өз бетінше зерттеу жүргізу қабілетін бағалау
5. Жұмыстың оң жақтары
6. Ғылыми жетекшінің қорытындысы: 1) дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға қойылатын талаптарға сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді; 2) аттестаттау комиссиясының отырысына қорғауға жіберіледі немесе жіберілмейді.

Ғылыми жетекші:
кафедрадағы лауазымы,
ғылыми дәрежесі, атағы
КОЛЫ, Т.А.Ә

202__ ж. «__» _____

Факультеттің
М.О.

Техникалық талаптар:
Times New Roman
14 кегль
Бір жолдық интервал.

Дипломдық жұмысқа (жобаға) берілетін рецензия құрылымы

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Атауы факультеті
Шифр-атауы білім беру бағдарламасының __ курс студенті ТАӘ
«Толық атауы» атты дипломдық жұмысына (жобасына)

рецензия

1. Бітіру жұмысының білім беру бағдарламасының бейініне сәйкестігін бағалау.
2. Тақырыптың өзектілігін бағалау.
3. Жұмыстың (жобаның) логикалық бірлігін, проблеманы шешу дәрежесін, зерттеудің аяқталғандығын бағалау
4. Зерттеу жүргізудегі білім алушының дербестік дәрежесін бағалау;
5. Жұмыста (жобада) жасалған қорытындылар мен ұсыныстардың негізділік дәрежесін бағалау.
6. Жұмыс (жоба) тілінің ғылымилық деңгейін бағалау.
7. Даулы ережелер, жұмыстың кемшіліктері (бар болса).
8. Қорытынды: 1) балдық-рейтингтік жүйе бойынша дипломдық жұмысты бағалауды; 2) студентке білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша бакалавр дәрежесін беру жөніндегі ұсынымды қамтиды. Мысалы, А.А. Ахметованың дипломдық жұмысы А «отте жақсы» (100 балл) бағасымен бағалануы мүмкін, ал оның авторы ізденіп отырған 6В0413 «Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша экономика және бизнес бакалавры дәрежесіне лайық.

Рецензент:

Лауазымы, жұмыс орны

Ғылыми дәрежесі, атағы (бар болса)

Қолы, ТАӘ

202__ж. «__» _____

Рецензенттің ТАӘ қолы растаймын:

Кадр қызметі басшысының/маманының ТАӘ қолы

202__ж. «__» _____

М.О.

Ескерту:

- 1) Рецензияда сарапшының жұмысты орындау сапасы туралы егжей-тегжейлі бағалау пайымдары қамтылуы тиіс;
- 2) Техникалық талаптар:
Times New Roman
14 кегль
Бір жолдық интервал.